

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 55 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 сәуірде № 20549 болып тіркелді.

"Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына, "Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285, "Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19629 болып тіркелген, 2019 жылғы 27 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерде және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерде, оларды есептеу әдістемесінде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

1) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) есептік тіркеуден өткен, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге болатын микроқаржы ұйымын қоспағанда, микроқаржы ұйымы үшін - 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;

2) кредиттік серіктестік үшін - 50 000 000 (елу миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

кредиттік серіктестік ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап - 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

кредиттік серіктестік ретінде 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 5 000 000 (бес миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 15 000 000 (он бес миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге;

3) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін ломбард ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында өз қызметін жүзеге асыратын, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге болатын ломбардты қоспағанда, ломбард үшін - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

4) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін ломбард ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс өз қызметін жүзеге асыратын, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 5 000 000 (бес миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге болатын ломбардты қоспағанда, ломбард үшін - 30 000 000 (отыз миллион) теңге.

4. Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

1) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін уәкілетті органда есептік тіркеуден өткен, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге болатын микроқаржы ұйымын қоспағанда, микроқаржы ұйымы үшін - 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;

2) кредиттік серіктестік үшін - 50 000 000 (елу миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

кредиттік серіктестік ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап - 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

кредиттік серіктестік ретінде 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 5 000 000 (бес миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 15 000 000 (он бес миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге;

3) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін ломбард ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында орналасқан, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге болатын ломбардты қоспағанда, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында орналасқан ломбард үшін - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

4) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін ломбард ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс орналасқан, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 5 000 000 (бес миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге болатын ломбардты қоспағанда, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс орналасқан ломбард үшін - 30 000 000 (отыз миллион) теңге."

2. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2020 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 30 сәуірдегі № 55
қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2020 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.